



ОРТАЛЫҚ АЗИЯ УНИВЕРСИТЕТИ



Негізгі мәліметтер

Орталық Азия Университеті (ОАУ) білім мен адам ойының күшін Орталық Азияның таулы аймақтарында өмір сүретін қауымдастықтардың проблемалары мен әлеуетін ашу үшін пайдаланады. Маңызды тақырыптар бойынша жасалатын инновациялық зерттеулер студенттерге (түрлі мәдениеттер өкілдері болып табылатын, және жыл сайын бұл мәдени түрлілік тек өсіп келе жатыр) түлектердің жаңа буынына өңірдің проблемаларын шешуге және әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі күші болуға, сонымен қатар Орталық Азияның бай мәдени мұрасын сақтауға және дамытуға көмектеседі.

ОПАУ – өз қызметімен бүкіл бір аймақты қамтитын санаулы халықаралық университеттердің бірі. Мұнда тек оқыту ғана емес, өз аумағында студенттер мен

оқытушылардың тұруы; таулы өңірлердегі өзекті бағыттармен байланысты зерттеулер жүргізуге айтарлықтай ресурстар жұмсау көзделген. Бұл зайырлы, коммерциялық емес университет 2000 жылы Қырғызстан, Тәжікстан және Қазақстан үкіметтерімен құрылған. Аталған құрылтайшы-мемлекеттердің президенттері ОАУ Қорғаншыларының мәртебесіне ие, ал Жоғары Мәртебелі Ага Хан Университеттің Канцлері болып табылады.

Алыстағы таулы қауымдастықтардың қажеттіліктерін назарға ала отырып, ОАУ негізгі қалалық орталықтардан алыс жерде – Нарын қаласы (Қырғызстан), Хорого (Тәжікстан) және Текеліде (Қазақстан) өз кампустарын ашты. Өз кампустарын ерекше тарихи мәнге ие Жібек жолының бойына орналастыра отырып, ОАУ



Кампус УЦА в Нарыне



Кампус УЦА в Хороге

өңірде болып жатқан экономикалық және зияткерлік өзгерістердің бел ортасында болуға ұмтылады. Білім беру мекемесі ретінде Университет, ресурстарды пайдалану және Ага Ханның Дам жөніндегі ұйымымен орнатылған ынтымақтастыққа негізделі отырып, бизнес, азаматтық қоғам мен мемлекеттік сектордың болашақ көшбасшыларын біріктірудің бірегей мүмкіндігіне ие болып отыр.

Гуманитарлық және нақты ғылымдар мектебі

ОАУ Гуманитарлық және нақты ғылымдар мектебі (бакалавриат) өзінің алғашқы студенттерін 2016 жылы қабылдады. Студенттер келесі бағыттар бойынша гуманитарлық ғылымдар бакалавры мен нақты ғылымдар бакалавры дәрежесін ала алады: Нарын қаласындағы кампус – «Компьютерлік ғылым», «Коммуникациялар және БАҚ»; Хорог қаласындағы кампус – «Экономика», «Жер және қоршаған орта туралы ғылымдар». Ашылуы 2021 жылы күтіліп отырған Текелі қаласындағы кампуста Университет «Бизнес және басқару» және «Инженерлік-техникалық ғылымдар» мамандықтары бойынша оқуды ұсынуды жоспарлап отыр.

Мектепке оқуға алу кезінде тек талапкерлердің жетістіктері ғана ескеріледі, және де ОАУ барлық қабылданған студенттерге қаржылық көрсетуге кепіл береді. Орташа есеппен, оқу, тұру және тамақтану, ноутбукты пайдалану, медициналық сақтандыру және инфрақұрылымның түрлі объектілерін пайдалану мүмкіндігі үшін жылына тек 1400 доллар төлейтін болады. Осының арқасында ОАУ-да оқу және тұру әсіресе шалғайдағы аудандардан келген студенттер үшін қолжетімді болады.



Кампус УЦА в Текели

ОАУ басқа бағдарламаларының құрамына мыналар кіреді:

Ага Ханның «Адамтану» жобасы. Бұл бағдарлама 1997 жылы іске қосылды және 2007 жылы ОАУ бөлігіне айналды. Бүкіл Орталық Азия бойынша Азия жоба шеңберінде 87 оқу орталықтары орналасқан, олар 150 000 аса тыңдаушыларға білім берді. Жоба студенттерге сыни ойлау және шет тілінде ғылыми жұмыстар жазу дағдыларын дамытуға көмектеседі. Ол үшін гуманитарлық ғылымдар кешенді пәнаралық оқу бағдарламасы пайдаланылады, оның шеңберінде студенттерге түрлі білімдік ресурстар, тренингтер мен курстар ұсынылады.

Кәсіптік және үзіліссіз оқыту мектебі (КҮОМ) қысқа мерзімді кәсіптік-техникалық дайындық, сондай-ақ тыңдаушыларға жалақысы жоғары жұмыс табуға және табысты арттыруға көмектесу үшін арнайы әзірленген бірқатар курстарды ұсынады. 2006 жылдан бастап КҮОМ курстарын (бүкіл Орталық Азия және Ауғанстанның барлық елдерінде орналасқан 12 оқу орталықтарында ұсынылатын) 105 000 студент аяқтап шықты.

Таулы қауымдастықтарды зерттеу институты ғылыми-зерттеу қызметімен айналысады, оның нәтижелері таулы аймақтардың тұрақтылығын дамытуға әрі нығайтуға, және өмір сүру сапасын жақсартуға көмектеседі. Сонымен қатар, инновациялық зерттеулермен айналысу, білім беруді дамытып, және зерттеулер нәтижелерін тарата отырып, Институт қазіргі уақытта күннің өзекті мәселесі болып тұрған таулы өңірлердің тұрақты (экологиялық тұрғыдан ұтымды) дамуына жағдай жасап отыр.

Мемлекеттік басқару және саясат институты Орталық Азияның әлеуметтік-экономикалық дамуымен байланысты мемлекеттік саясат мәселелеріне инновациялық және терең бағалау жүргізеді. Институт осы аймақта орын алған немесе енді туындап жатқан саясатпен байланысты белгілі кедергілерді егжей-тегжейлі талдайды. Ол сондай-ақ мемлекеттік қызметшілер мен азаматтық қоғам өкілдерінің біліктілігін, оларға келешекте фактілерге негізделген өлшенген шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін аналитикалық әлеуетін өсіре отырып, арттыруға көмектеседі.

Мәдени мұра және гуманитарлық ғылымдар жөніндегі бөлім ОАУ жалпы міндетін жүзеге асыруға қатысады, аймақтың түрлі халықтарына өздерінің бай мәдени дәстүрлерін болашақ ұрпақтары үшін сақтауға көмектеседі.

Студенттер туралы жалпы ақпарат

ОАУ-не қабылданған студенттер академиялық жетістіктердің аса жоғары деңгейін көрсетті. Олардың арасында түрлі олимпиадалардың жеңімпаздары, студенттік үкіметтің президенттері, қоғамның әлсіз топтарының ынталы қорғаушылары, дарынды суретшілер мен музыканттар, спорттық шаралар жүлдегерлері, өз қоғамдарына әрдайым көмек көрсетуге дайын болатын қажымайтын еріктілер бар. ОАУ-де қалалы жерлерден келген көп студенттер оқитынына қарамастан, студенттер басым бөлігі шағын қалалар мен ауылдардан келген. Қазіргі уақытта ОАУ Нарын қаласының кампусында 66 студент оқиды: 38% Қырғызстан, 33% Тәжікстан, 12% Пәкістаннан келген. Қалған студенттер Орталық Азияның басқа елдерінен келген. Қыздар студенттер Нарын қаласындағы кампустағы барлық студенттердің 55%-ын құрайды.

Хорог қаласындағы кампуста 79 студент тұрады және оқиды: 66% студент Тәжікстаннан (2017 жылы қабылданған), 16% - Пәкістан, 10% - Қырғызстаннан келген; қалған студенттер Орталық Азияның басқа елдерінің өкілдері болып табылады. Хорог кампусында қыздардың үлесі 39% құрайды.